

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 сәуірде № 27563 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 19.01.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, **ШЕШТІМ:**

1. Ақсу қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Ақсу қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Зенов тағайындалсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақсу қаласының әкімі

Н. Дюсимбинов